

12 – дәріс.

Телесұхбаттағы экран эстетикасы

Кез – келген экрандық туындыға әдеби сценарий жазылады және режиссерлік сценарий өзірленеді. Әдеби сценарий экрандық туындының идеялық нұсқасы болса, ал режиссерлік сценарий сол идеяны жүзеге асыру қисындары болып табылады. Сондықтан да, фильмнің соңында «фильмді қойған режиссер» деп беріледі. Өйткені, шын мәнінде әдеби, яғни журналистік туындыны экрандық туындыға айналдыратын режиссер. Қазақ мәдениетінің ұлттық құндылығы болып табылатын «Қыз - Жібек» фильмінің сценарийін сөз зергері Ғабит Мұсірепов жазса, ал оны қойған кино өнерінің бір туар майталманы, атақты режиссер Шәкен Айманов. Әдеби сценарий экрандық туындыға айналған сәтте әрбір қимыл – қозғалыс өзіндік мағынаға ие болады. Тілмен айтып жеткізе алмайтын ішкі жан тебіренісі, адамның жанарындағы көзқарас, жүзіндегі нұр және іс – қимыл, әрекетіндегі ишаралтар арқылы беріледі. Қажет болған жағдайда режиссер сценарийде жоқ процесті ойлап тауып қолданады. Әрине, экрандық көркем туындыларға монтаж жасалады. Көп қисын монтаж арқылы шешіледі. Ал тікелей эфирдегі режиссурада монтаж жасау мүмкін емес. Сондықтан да процесс үстінде қолма – қол оқиға желісін, соған сәйкес көрініс қатарын өзгертуге тура келеді. Осыған орай бұл ретте, экран тілінің негізгі элементтері (бейне, дыбыс, сөз, музика, монтаж) мен қосымша элементтерін (кадр, план, ракурс) шебер пайдалана білу қисындары карастырылады.

